

К.К. Садирова, Р.Б. Жазыкова*

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан
(E-mail: kulzat.sadirova@mail.ru, rau_083@mail.ru)***Ономастикалық атаулардың танымдық моделі**

Ономастикалық атаулар — әлемді қабылдаудың көрсеткіштерінің бірі, олар әлем бейнесін тілде таңбалайды. Ономастикалық атаулардың бұл қызметі отандық және шетелдік ғалымдардың танымдық лингвистика бағытындағы зерттеулерінде аталып жүр. Әрбір ономастикалық атаудың мәнінде халықтың тарихынан, дүниетанымынан, әлеуметтік-мәдени өмірінен мәлімет беретін білім сақталған. Бірақ ол білімді ашудың кілті сол ономастикалық атауға қатысты өзге мәтіндермен сабақтастықта ашылады. Мақаланың негізгі мақсаты — Қазығұрт топонимі мен Ырғыз гидронимінің танымдық моделін анықтау. Осы мақсатқа сай мақалада тілдің танымдық үдерісі адам миының жұмысы мен адам санасындағы танымдық құрылымдармен анықталатыны, тілдің онтологиялық қасиеті адамның әлемді қабылдауын ұйымдастырумен байланыстылығы талданған. Ономастикалық атаулар, оның ішінде Қазығұрт топонимі мен Ырғыз гидронимі де осындай әлемді қабылдаудың көрсеткіші деп саналып, ол атаулардың астарындағы мән немесе әлеуметтік-мәдени білім анықталып, танымдық моделі айқындалған. Авторлар ғылыми зерттеулерін орындау үшін тілдік және танымдық талдау әдістерін қолданған. Зерттеу нәтижесінде Қазығұрт топонимі мен Ырғыз гидрониміне қатысты мынадай танымдық модельдер анықталған: 1) Қазығұрт топонимі: «Қазығұрт — Нұх пайғамбар кемесі», «Қазығұрт — топан су», «Нұх пайғамбар кемесі — Шопан ата / Қамбар ата / Ойсылқара», «Қазығұрт — Қорқыт ата», «Қазығұрт — Адам ата / Хауа ана», «Қазығұрт — Айбарша» 2) Ырғыз гидронимі: «Ырғыз — қарқынды өзен/ құдық/ шұңқыр өзен / ескі дария / ескі өзен», «Ырғыз — екі жынысты тіршілік иесі (гермафродит)», «Ырғыз — ерке-әйел/ батыл қыз». Мақаланың ғылыми құндылығы Қазығұрт топонимі мен Ырғыз гидрониміне қатысты танымдық модельдерді анықтау олардың имплицитті мән-мағыналарын дұрыс қабылдау мен түсінуге, сол арқылы қазақ ұлтының дүниетанымына қатысты ғылыми тұжырым беруімен байланысты болса, практикалық құндылығы осы атауларға тілдік және танымдық талдау жасау үлгісін осы тәрізді ғылыми зерттеулерде пайдалануға жарамдылығымен анықталады.

Кілт сөздер: ономастикалық дискурс, топоним, тілдік кілт (код), танымдық кілт (код), мифоним, тілдік сана, тілдік-мәдени мазмұн, танымдық негіз.

Kipicne

Қазіргі уақытта тіл білімі зерттеулерінің антропоэекті ғылыми парадигмада зерделенуі лингвистиканың дәстүрлі проблемаларын түрлі аспектіде жаңаша талдауға мүмкіндік берді. Мұндай талдаулардың жаңашылдығы тіл білімі мәселелерін әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде қарастыруымен сабақтасады. Бұл кезде тіл білімі өзінің зерттеу нысанының заңдылықтарын тарихпен, мәдениетпен, әлеуметтік психологиямен байланыста, аталған ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып сипаттайды, талдайды, тұжырымдайды. Ғылыми зерттеулерде аталып жүргендей, тіл білімі өз міндетін, яғни лингвистикалық білімнің объективтену мәнін ашуда жаңа әдіс-тәсілдер іздеуде, соған сай жаңа бағыттар қалыптасып, дамып жатыр. Мұндай бағыттағы зерттеулерде тіл әлеуметтік әрекеттесу құралы, референция мен таным құралы сапасында біртұтастықта қарастырылады.

Тілдің таным құралы ретіндегі қызметін түсіндіруде біздің көңілімізді Г.В. Колшанскийдің пікірі аударды. Ол тілдің ерекше танымдық құрал болып саналмайтынын, сананың да жаратушысы тіл емес екендігін алға тарта отырып, әлемді тіл танымайтынын, соған сәйкес тіл әлем бейнесін құрмайтынын, бірақ тілде адамның шығармашылық танымдық әрекеттерінің барлық түрі бейнеленетінін және сол тілде орнығып қалатынын айтады [1; 89]. Бұл пікірден біз тілдің санамен, тілдің ойлаумен арақатынасына ерекше көңіл аудара отырып, тіл ойлаудың нәтижесінде санада орныққан білімді бейнелейтінін көреміз. Е.С. Кубрякованың [2; 6] айтуынша, тілде және тілдің ұғымдық-символдық таңбаларында әлем туралы, қоғам туралы білім көрініс табады.

Тіл танымдық үдеріс сапасында түсініледі, ол үдеріс коммуникативтік әрекетте жүзеге асады. Оның жүзеге асуының негізі бар: олар — танымдық құрылымдар және адам миының жұмысы.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: rau_083@mail.ru

В.А. Звегинцевтің [3; 8] айтуынша, адам тұтастықтағы «құрылым». Сондықтан тілді зерттегенде оны адамнан бөліп алмай, адамның түрлі физикалық, психологиялық т.б. әрекеттерімен байланыста, солардың аясында қарастыру керек. Тілді осы тұрғыдан қарастыратын бағыттарға лингвомәдениеттаным, әлеуметтік лингвистика, лингвопрагматика, танымдық лингвистика жатқызылады.

Е.С. Кубрякованың [2; 9] айтуынша, тілдің онтологиялық қасиеті — адамның әлемді қабылдауы мен оны жіктеуін ұйымдастыру мен реттеуі. Бұл тілдегі бірліктерде таңбаланады. Осындай әлемді қабылдаудың табиғатын танытатын бірліктердің бірі — ономастикалық атаулар. Олардың әрбірінің мағынасына, астарлы мәнінде тұтастай мәтіндер мазмұны немесе білім, мәдениет қазықталған. Ал ол тілде қалай қазықталды және қалай жұмыс жасайды деген мәселені анықтауда ғалымдар түрлі тәсілдер қолданып, өз тұжырымдарын ұсынады. Біз ұсынып отырған мақаламызда «Қазығұрт», «Ырғыз» ономастикалық атауларының астарындағы мифтік білімді, нақтырақ айтқанда, мифтік дүниетанымның таңбалануын сөз етпекпіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ономастикалық атауларды дәстүрлі зерттеу мен танымдық лингвистика тұрғысынан талдау әдістері ерекшеленеді. Дәстүрлі зерттеу әдістерінің мақсаты ономастикалық материалдарды жинау, оларды типтік белгілері бойынша жіктеу, оларға тілдік сипаттама беру, олардың дискурста қолданылуын анықтау болса, танымдық лингвистикада қолданылатын зерттеу әдістерінің мақсаты — нақты ономастикалық атаудың семантикалық мазмұнындағы ақпаратты айқындау ғана емес, сол мағынаның, мазмұнның оним бойында қалай шоғырланатынын, берілу жолын анықтау. Нақтырақ айтқанда, әрбір ономастикалық атау — ақпаратты тасымалдау мен кілттеу (кодтау) үшін пайдаланылатын танымдық құрылым сапасында алынып, оның ішкі құрылымы талданады. Танымдық лингвистикада аталған мақсатта екі талдау түрі ұсынылады: 1) ономастикалық бірлікті танымдық талдау немесе танымдық ономастикалық талдау, 2) ономастикалық бірлікті концептуалды талдау немесе концептуалды ономастикалық талдау [4, 46].

Ономастикалық бірлікті танымдық талдауда жалқы есімдер құрылымының негізінде жатқан танымдық тетіктер (механизмдер) анықталса, ономастикалық бірлікті концептуалды талдауда жалқы есімдердің барлық мүмкін қолданыстарын уәждейін концептуалды желіні анықтау мақсат етіледі. Бұл жағдайда әр ономастикалық атау ономастикалық концепт сапасында қаралады да, соның құрылымы, желісі қалпына келтіріледі. Ономастикалық концепт — ономастикалық ақпаратты сақтау мен таратуды жүзеге асыратын және сол алынған білімді санада құрылымдайтын, түсінуге мүмкіндік беретін бірлік. Ол тілдік концептуалды жүйенің құрылымына енеді және әлемнің тілдік бейнесінің ажырамас бөлігі болып саналады. А.С. Щербактың айтуынша [5, 152], ономастикалық концепт — ономастикалық білімнің ерекше типі, ол жалқы есімдердің семантикасын анықтайды, шындықтың ономастикалық үзігі туралы білім болып саналады.

Біз осы айтылғандарға сүйене отырып, зерттеуіміздің мақсатына сай «Қазығұрт», «Ырғыз» атауларының астарындағы ономастикалық және мифологиялық білімді және оның осы атаулар мазмұнында шоғырлану жолдарын, танымдық құрылымдарын тілдік және танымдық (когнитивтік) талдау әдістерін қолданып зерделеуге тырыстық. Зерттеу материалдарын ғылыми еңбектерде, этимологиялық, топонимикалық, түсіндірме сөздіктерде «Қазығұрт», «Ырғыз» атауларына қатысты берілген мәліметтер құрайды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Ономастикалық атаулардың тілде орнығуы — сол атау пайда болған уақыт пен сол атаудың белгілі бір нысанға не тіршілік иесіне т.б. берілуі себебінен, яғни танымдық үдеріс нәтижесінде болған деген пікірді ұстана отырып, сол атаудың тілдегі қазіргі мағынасы бастапқы мағынасына сай келуі де, не өзгеріске ұшырап басқа мағына алуы да, дыбыстық не тұлғалық өзгеріске түсуі де мүмкін дейміз. Бұл да бертіндегі уақыттың не оқиғаның не нысанның танымда қайта бейнелену нәтижесі, демек, бұл тұста да танымдық үдеріс бар. Сондықтан ономастикалық атаулардың мағынасындағы не аталуындағы өзгерістер де әлемді қабылдаудың не жіктеудің көрінісі деп оны әлеуметтік әрекеттесу нәтижесі деп түсініп, ономастикалық дискурс терминін қолданып отырмыз. Біздің түсінігімізде *ономастикалық дискурс дегеніміз — өз мағынасына қандай да бір этностың тарихи, тілдік-мәдени ақпаратын бекіткен ономастикалық атаулардың коммуникативтік жағдаятта зерделенуі (когнитивтік құрылымда орнығуы), соның нәтижесінде сақталып, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа*

ұлттық код санасында тасымалдану қозғалысы. Бұл үдеріс кезінде ономастикалық атаулар әр кезеңнің ұлттық құндылықтарына сәйкес жаңаша мәнге ие болып, не керісінше бастапқы мазмұнынан алшақтап, кейде өз архисемасынан ажырауы мүмкін. Мұндай жағдай, біріншіден, тілдік санадағы әлем бейнесінің жұтаңдауына, екіншіден, этностың рухани әлсіреуіне, сөйтіп бірте-бірте мәдени иммунитетінің жойылуына әкеледі. Ал ономастикалық атаулардың ұлттық құндылықтар өзгерісіне сай жаңаша мәнге ие болып, тамырын ұлт болмысынан үзбей, архисемасынан ажырамай, жаңғырып қолданылуы ономастикалық кеңістігін (сөзде қолданылу аймағын) кеңейтеді.

Мифонимдердің тілдік санадағы мифологиялық көрінісін талдауда танымдық лингвистиканың әдістерін қолдандық. Өйткені мифотанымдық білім — ұлттық білімнің танымдық негізінің (когнитивтік базасының) құрамдас бөлігі. Бұл білім де тілдік санада танымдық құрылымдар мен танымдық модельдерде бекітіліп, ұлттық дискурста ұрпақтан-ұрпаққа беріледі, тілдің дискурстағы куммулятивтік қызметі арқылы ұлттық кодтың бекітілуі мен декодталуын (оқылуын) жүзеге асырады. Ұлттық танымдық негізде (когнитивтік базада) орныққан білім игерілген кезде дискурс қатысушыларының тілдік санасында нақты атаулардың ассоциативтік-бейнелік компоненті түзіледі. Оның көрінісі жеке тілдік сана мен ұлттық тілдік санада бірдей көрініс таппауы да мүмкін. Мысалы, «Қазығұрт» мифотопонимінің ұжымдық тілдік санадағы ассоциативтік бейнесі ол туралы әр қазаққа өте таныс, жадында жатталған *«Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса, неге қалған?»* немесе *«Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол киелі болмаса, неге қалған? Ішінде екі қозы болған екен, Шопан ата деген сөз содан қалған»* деген айтылым мен *«Қазығұрттың басында топан су қаптағанда Нұх пайғамбар кемесі тоқтап, сол жерде адамзаттың екінші рет (біріншісі Адам ата мен Хауа ананың жерге түскен кезінде басталған) өмірі басталып, ұрпағы тараған екен»* деген ойды мазмұндайтын мәтіннің танымал болуымен сабақтастықта танылады. Осы білім сақталған ұлттық тілдік санадағы Қазығұрттың ассоциациялық бейнесі *«Қазығұрт — Нұх пайғамбар кемесі», «Қазығұрт — топан су», «Нұх пайғамбар кемесі — Шопан ата / Қамбар ата / Ойсылқара»* моделімен белсенді көрінсе, *«Қазығұрт — Қорқыт ата», «Қазығұрт — Адам ата / Хауа ана», «Қазығұрт — Айбарша»* моделімен жанама сипатта көрінеді, бірақ бұл екеуінің қарым-қатынасы шартты, олай дейтін себебіміз мифтік мәтіндер тереңірек игерілген сайын жанама сипатты ассоциациялық бейнелік компонент белсенділігі артады, сол арқылы ұлттық кілттің (кодтың) ұжымдық тілдік санадағы ықпалы артады, мазмұны байиды, мифотанымның көкжиегі кеңейеді. Осы атаулар қазақ ономастикалық дискурсындағы әлемнің ономастикалық бейнесін сипаттауға негіз болады. Мұндағы *әлемнің ономастикалық бейнесі дегеніміз — қоршаған ортаны, әлемді түсінудің менталды формасы, ол ономастикалық концептілер арқылы, мифотопонимдік концепт арқылы* көрініс табады.

Танымдық негіз (когнитивтік база) деп отырғанымыз — қандай да бір ұлттық-лингвомәдени қауымдастық өкілі мен мәдени менталитет иелерінің барлығына бірдей тән, санасында нақты бір ретпен құрылымдалған, міндетті түрде болатын білімдер мен ұлттық детерминденген және ықшамдалған түсініктер жиынтығы [6; 41]. Ономастикалық лексиканың танымдық негізі (когнитивтік базасы) дегеніміз — ұлттық дискурста жұмсалатын антропонимдер мен топонимдердің астарындағы әлеуметтік-мәдени білім (импликациялар) жиынтығы. Ол терең ойлау арқылы тілдік таңба мазмұнынан оқылады, тілдік және концептуалды талдаулар арқылы қайта құрылымдалады, тілдік категориялардың танымдық (когнитивтік) негіздерін құрайды. Жалқы есімдердің танымдық негіздерінің немесе есімдер стереотипі архетиптік мәдениетпен шарттасады және әлеуметтік мифологияның құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтену үдерісінде игеріледі [7; 34].

«Қазығұрт» мифотопонимі атау ретінде тілдік код не вербалды код деп саналса, екінші жағынан, бұл атау танымдық кілтке (когнитивтік кодқа) жатады. Тілдік және танымдық кілт (когнитивтік код) профессор Н. Уәлидің айтуынша, оқырманға ескі заманның «есігін» ашатын кілттер. Бір жағынан, бұл тәрізді таңбалар тілдік кілт (код) болса, екінші жағынан, танымдық кілт (когнитивтік код) я болмаса тіл субъектісінің санасындағы ақиқат дүниенің картинасы ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесі. Мәтіндегі әлгіндей тілдік таңбалар оқырман санасындағы ақиқат дүние туралы «тыныш» күйдегі білімдерді «оята» бастайды, екі бірдей кілт (код) — тілдік код пен когнитивтік код — ашылғанда ғана сөз субъектілерінің (адресат пен адресант) арасында диалог болады, яғни түсіністік пайда болады» [8; 29].

«Қазығұрт» мифотопониміне лингвистикалық және концептуалдық талдау жасап, тілдік кодты реконструкциялауға тырыстық. Бұл осы атаудың когнитивтік негіздемесі болып саналады.

«Қазығұрт тауы — Нұх пайғамбар кемесі»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: Қазығұрт — Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан тау атауы, Нұх пайғамбар кемесі — Нұх пайғамбар топан су қаптағанда мінген кеме.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Қазығұрт тауы — дүниені топан су басқанда су баспаған жалғыз тау, басқа таулардай биік болмаса да, су астында шөкпеген ерекше киелі тау.

Құндылық компоненті: Нұх пайғамбардың сұрауымен Алланың рақымшылығы түсіп, кемедегі тіршілік иелерінің тірі қалуы — адамзат дамуының бастау көзіне айналуы.

«Қазығұрт әулие — топан су»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: Қазығұрт — Алатаудың батыс баурайында аласа тауда өмір сүріп, құдайға құлшылық еткен әулие кісі.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Қазығұрт әулие — Құдайдан мінажат етіп, дұға оқу арқылы халыққа араша түскен тіршілік иесі.

Құндылық компоненті: Қазығұрт әулие — ар тазалығы, адалдық пен пәктіктің символы.

«Нұх пайғамбар кемесі — Шопан ата / Қамбар ата / Ойсылқара / Зеңгі баба»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: Төрт түлік мал пірлері: Шопан ата — қойдың пірі / Қамбар ата — жылқының пірі / Ойсылқара — түйенің пірі, Зеңгі баба — сиырдың пірі. С. Қондыбай Қамбарға қатысты мәліметтерді жинақтай отырып, оны «ежелгі далалық образ» деп келтіріп, «Көл иесі — Қамбар-ау, Шөл иесі — Қамбар-ау, Қарағыма көз сал-ау» деген жолдарды келтіреді [9; 37].

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Төрт түлік малдың тұяғы тиген жерлердің киелі саналып, соның негізінде пірге айналуы.

Құндылық компоненті: Төрт түлік — қазіргі түркі халықтарының тұрмысында күнкөріс пен тіршіліктің негізгі көзі.

«Қазығұрт тауы — Қорқыт ата»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: Қазығұрт — Қорқыт ата жырында кездесетін тау атауы. Оғызханның күнінен туған алты баласының атының бірі. Қорқыт ата — түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Қорқыт (Қазы + Қорқыт = Қазығұрт) — Құдайдан мінажат етіп, дұға оқу арқылы халықты топан судан арашалап қалған әулие.

Құндылық компоненті: Қорқыт ата — халық қамқоршысы, қолдаушысы.

«Қазығұрт тауы — Адам ата / Хауа ана»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: Адам ата — Құдай өзі жасаған алғашқы адам, Хауа ана — күллі адамзат атаулының анасы, Адам атаның зайыбы.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: ортасынан қақ бөлінген жартаc — Адам ата мен Хауа ананың бейнесі. Қос жартастың ортасынан өту арқылы өзінің бойындағы қорқыныш пен жамандықтан арылуға талпыныс жасайтын, әрі сәбилі болғысы келетін адамдардың тілегін қабыл ететін киелі орын.

Құндылық компоненті: Ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық құндылықты, ұрпақ жалғастығын насихаттау.

«Ғайып ерен — қырық шілтен»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: Қырық дене — қырық әулие, пір. Адамдар арасында кезбе-кезбе дәруіштер немесе жарлы-жақыбай құсап өмір сүретін, көзге көрінбейтін рухтар.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Адамды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, Қыдыр.

Құндылық компоненті: Бүкіл дүниені басқарып отыратын, адамзатты қолдаушы, қамқоршы күдіретті әулие. Жанашырлық танытып, адамдарға әрқашан көмекке келу, жолаушыға, қысылған адамға қол ұшын беру.

«Қазығұрт — Айбарша»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: Қазығұрт — елді жаудан қорғаған батыр, Айбарша — ханның Қазығұртқа ғашық болған отыз ұлдың ішіндегі жалғыз қызы.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: екі жастың шексіз сүйіспеншілігін сипаттайтын мәңгілік махаббат символы, дастархан — Айбарша қыз тілегінің (о дүниелік тойының) қабыл болуының белгісі.

Құндылық компоненті: Әділдіктің салтанат құруы, зұлымдықтың жеңілуі, шынайы махаббаттың мәңгілігі, шын ниеттің қабыл болуы.

Ал «Ырғыз» мифонимінің мазмұнында жасырынған мифотанымдық ақпаратты не білімді соған қатысты мифтік мәтіндер мазмұны мен атаудың шығу төркініне қатысты ақпараттарға сүйене отырып анықтаймыз.

Ырғыз деген жердің де, өзеннің де аты бар. Ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарға сүйенсек, «Ырғыз» мифонимінің символдық мағынасы өзеннің осы атты иеленуіне түрткі болған. *Ырғыз* бастапқыда (X ғасырда) *Ирхиз* тұлғасында аталады. Аталған гидронимнің шығу төркіні туралы бірнеше нұсқа бар: «топоним түркілік *ырг* «ілгек», яғни «қарқынды өзен» немесе *ирги*-ден «шірік» мағыналы сөздерімен төркіндес. Башқұртстанның топонимиясында *ыр* элементімен келетін бірнеше өзен бар: Ырғызлы, Ырғазы, Ырғайзы, Ырғазы» [10; 160]. «Ырғыз гидронимі *ыр//ор* «құдық, шұңқыр» және түркі *уз* «өзен» деп талдайды [11; 174]. Ғалым өзен атауы құрамындағы *ыр* тұлғасын жеке толық мағыналы сөз ретінде таниды. Ырғыздың түрлі дыбыстық және тұлғалық варианттары Қазақ жерінен басқа, Ресей, Орта Азия өңірлерінде де көптеп кездеседі. Мысалы, *irgiz*, *irxis*, *irxi*, *Arhuz*, *Yrghuz*, *Ulken*, *Kishi Irqaz* т.б. атаулары көптеп кездеседі.

Орталық Чулымның ежелгі арналарының бірінде *Ергоза* атты халық мекендейтін село кездеседі. Орыс тілінің жергілікті ерекшеліктеріне сай *Ызырга*, *Иргаза* варианттары да қолданылады. Мұндай жер-су атауы Орталық Чулымның ежелгі салаларының атауымен түсіндіріледі: *зуг* — ескі арна (сөзбе-сөз «*ескі дария*»). Бұл сөздің соңғы дыбысы түсіп қалған, ал қалған бөлігі (эргиза) табыс септігі ретінде аналогия бойынша эргизаның атау септігі формасын жасауға негіз болған.

Балқария топонимиясын зерттеушілер Дж.Н. Коков пен С.О. Шахмурзаев: «*Ырхы* кьол аталуы балқар тілінде қолданылатын *ырхы* «ағын» (жиналған қар мен жанбыр суы) лексемасымен төркіндестіреді» [12; 10].

А.А. Әбдірахманов: «Тіліміздегі *Ырғыз* топонимінің шығу төркіні Шулым татарлары тіліндегі *Эргизу* (мұнда *эрги-зуг* тұлғасының қысқарған варианты) сияқты. Яғни *Ергизут* > *Ерги-зу* > *Ергиз* > *Ырғыз* болып өзгерген. Оның бастапқы формалары көне түркі тайпаларының ішінде жасалып, соңғы «ырғыз» нұсқасы қазақ тілінде осы тұлғада қалыптасқан», — дейді [13; 202].

Ә. Нұрмағамбетұлы: «Ырғыз өзені атауының тұлғалық сипаты — мұндағы «ырғ» түбірі қазақ тіліндегі «көне, ескі» формаларымен мағыналас сөз. Тоғалар тілінде *erhu*, тувада *эрги*, якуттарда *эрга*, якуттарда — *эргэ*, хакасша *иргі* — «ескі» сары ұйғырлар тілінде — ерке тұлғалы сөздер «ескі, көне» деген мағыналарды береді» деп көрсетеді. Хакас жері арқылы өтетін Чулым өзенінің саласы *Ирзи* Уустің қазақша мағынасы «ескі өзен» дегенді білдіреді екен. Ал атаудың екінші құрамындағы *ыз* ерте кездердегі — «өзен» сөзі деп қарайды. Сонда алғаш «иргі уус» аталған өзен, біршама өзгерістерден кейін қазақ тілінде «Ырғыз» тұлғасында қалыптасқан» деп береді [14; 63].

М.А. Хабичев «*Arhuz* гидронимі *arhuc* тұлғасынан туындайтын (ср.: к. -балқ. *urhu* «ағын» <*ar* «ағын» + кішірейту мәнді есім тудыратын аффикс — *hu*) «ағын» + *uz* < *uz* «су», «өзен» *irqaz* және *irgiz* лексемаларының көне тұлғалары» деп береді [15; 54].

Ырғыз гидронимі осы жоғарыда талданатын топонимдердің дыбыстық нұсқасы деуге болады. Ырғыз сөзі — екі құрамды.

Құрылымдық тұрғыда гидроним *ыр* мен *ғыз* тұлғаларынан жасалған. Қазіргі башқұрт тілінде «*ырғыз*» сөзі, біріншіден, «*екі жынысты тіршілік иесін — гермафродитті*», екіншіден — «*батыл қыз*» дегенді білдіреді екен. Башқұрттардың аңыздарына қарағанда *Ырғыз* гидронимі «*Ир-кыз ине был!*» («*Батыл қыз бол!*») деп айтылғаннан шыққан. Тағы бір аңызда осыған ұқсас мотив бар: Өзенде суға түсіп жүргенде, бір кездері оны ұнатып, жарыста қыздан жеңіліп қалған жас жігіттердің садағынан қайтыс болған батыл қыз Айстанның құрметіне аталған [16; 106-108]. Қазіргі Башқұрт тілінде «*Ир-Кыз*» эпитеті, сөзбе-сөз, *еркек-әйел*, батыр, ер мінезді, қажырлы қыз-келіншекке байланысты көптеп жұмсалады. Дегенмен өзен атауына байланысты хикаяда аталған атауды батыр қыз баламен қатысты баяндау этиологиялық мифпен байланысты берілсе керек. Бұл гидроним атауының сырын, аталу тарихын анықтауда халық арасындағы аңыздық сипаттағы хикаяттарға, түрлі ғылым саласында зерттелген материалдар көзіне сүйенеміз. Мұндай қасиетті құдай атымен сәйкес баламаланатын халықтардың мифтік ойлау жүйесінің әмбебаптығы арқылы талданады. Сондықтан кез келген ұлттың символдық рухани мифологиялық ой нәтижелерінің мазмұнын жете бағдарлауда түрлі хикая-аңыздар, мифтік сипаттағы әңгімелерге шолу жасаймыз.

Антикалық грек елінде Гермафродит Гермес және Афродитаның жаратылысынан өте әдемі қос жынысты ұлы өмір сүрген. Гермафродит он бестен асқанда Азия елдерін аралауды мақсат етеді. Ол елдерді аралап жүріп, қайнар бұлаққа келіп, суға түседі. Сол бұлақ басында бір керемет әдемі қыз жігітке ес-түссіз ғашық болып қалады. Бірақ бір-бірінің сезімдерін қабылдай алмайды. Қатты

киналған қыз құдайларға Гермафродитпен біріктіруді сұрайды. Құдайлар оның өтінішін қабылдап, оны екі жынысты етіп жібереді.

Бұл жерде башқұрт халқының аңыз хикаясына гректердің аңызы мазмұндық жағынан (*өзенге суга түсу, қыздың жігітке ғашық болуы*) сәйкес келетінін аңғарамыз. Бұл жерде тоқтала кететін жайт, ежелгі *Ырғыз* құдайы культіне қатысты нанымдар башқұрттарда осы күнге дейін ұмытылмаған. Бұл жайында П.М. Кудряшев: «Егер жас қыз башқұрт жігітіне деген сүйіспеншілікті сезінсе және башқұрт та сұлуды өзара жақсы көріп қалса, онда бұл табиғи сүйеге немесе бір жыныстың екінші жынысқа ұмтылысы деп есептелмейді. Бұл башқұрт кемпірлерінің пікірінше, жас жігіт пен әдемі қыз бір уақытта бір судан су ішкен» дегенді білдіреді [17; 363].

Бұл жерде атап өтетін жайт, екі жынысты құдай кездесетін барлық халықтарда оның есімі екі құрамды болып келеді: грек. Гермафродит — Гермес + Афродита, қыт. Ян-Инь — Ян + Инь, еврей. Йаховах — Йах + Ховах (Хавах или Ева), бұлардың қатарына башқұрт Ырғыз – Ир+қыз, сөзбе-сөз, «ер-қыз» сөзі жақындайды. «Мұнда келтірілетін *yr̄gys//yr̄-gyz//yr̄xus//yr̄xu* сипаттас лексемалар су объектісімен байланысты көл-өзен атауларын, тіпті кей тілдерде «ағынды су» мағыналарында да қолданыла береді екен. Бұған қосымша көне ұйғыр тілінде «арсу» *гермафродит* мағынасында қолданылған. *Ырғыз*, *арсу* «гермафродит», *Ырғыз* «екі жынысты құдай» арасындағы байланыс, *ырғыз/ырхыс* «ағын» арасындағы байланыс ойдың символдық сипаты негізінде түсіндіріледі [18; 40]. Башқұрт тілінде *Ырғыз*, *Ырғызлы* сөзі тек гидронимдер құрамында сақталып қалған. Башқұртстанның Бурзян ауданында Ырғызлы гидронимінен қалыптасқан Ырғызлы ойконимі бар. Олардың мағыналары сумен, ағынмен және жасаушы күшті символмен көрсететін аталған топонимдермен үндеседі.

Жоғарыдағы мәліметтерді негізге ала отырып «Ырғыз» атауының танымдық (когнитивтік) негіздемесін немесе моделін анықтасaq:

«Ырғыз — қарқынды өзен/құдық/шұңқыр өзен/ескі дария/ескі өзен»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: Ақтөбе облысының Әйтеке би, Ырғыз аудандары жеріндегі өзен. Ұзындығы — 593 км, Ақтөбе облысының шығысында орналасқан ол Қостанай, Қарағанды облысымен шекаралас, Мұғалжар тауының шығыс беткейіндегі бұлақтардан басталып, Торғай өзеніне қосылып, Шалқартеңіз көліне құяды.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Ырғыз ағысы қарқынды өзен (судың екпіні), құдық/шұңқыр (тереңдігі), ескі (бұрыннан бар, уақыт).

Құндылық компоненті: Су — тіршілік көзі.

«Ырғыз — екі жынысты тіршілік иесі (гермафродит)»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: екі жынысты құдай.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: екі жыныстының бір-біріне ұмтылысы, сүйіспеншілік сезім, жас жігіт пен әдемі қыздың бір уақытта бір судан су ішуі (тағдырларын тоғыстыру).

Құндылық компоненті: сүйіспеншілік, жақсы көру сезімі құдыретті.

«Ырғыз — ерке-әйел/батыл қыз»:

Ұғымдық немесе фактуалды компоненті: батыр, ер мінезді, қажырлы қыз, садақ ату жарысында жігітті жеңіп, соның салдарынан жеңілген жігіт садағынан қаза тапқан қыз.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: қос жынысты жігітке ғашық болып, қосыла алмаған, құдайлар өтінішін қабылдаған қыз, мерген қыз — ағынды өзен (Ырғыз).

Құндылық компоненті: батылдық, мергендік жынысқа тәуелсіз, күш атасын танымас.

Қорыта айтқанда, «Қазығұрт» мифотопонимі мен «Ырғыз» мифогидронимі қазақтың тілдік санасында тау және су культімен байланысты жалпы мифологиялық жүйе заңдылығына сай үшдеңгейді «аспан — жер — жерасты» байланыстырушы ғана емес, қос тағанды қарама-қарсылықты «жақсылық-жамандық», «әділеттілік-әділетсіздік», «өмір-өлім» біртұтастандырған сипатқа ие.

Қорытынды

Ономастикалық дискурс бірліктерінің (ономастикалық атаулардың) мазмұндық астарындағы әлеуметтік-мәдени білім жиынтығы терең ойлау арқылы тілдік таңба мазмұнынан оқылады, ол тілдік және концептуалды талдаулар арқылы қайта құрылымдалады. Оны «Қазығұрт», «Ырғыз» атауының танымдық (когнитивтік) модельдері дәлелдей алады.

– «Қазығұрт» дүниенің үш деңгейіне де ортақ, соларды байланыстырушы орталық «қазық», «Бәйтерек» бейнесімен тепе-тең түсетін бейне, символ. Олай деуге негіз тілдік санада мынадай мифтік ақпараттардың орныққандығы: «Қазығұрт» арқылы жаратушы адамзаттың екінші рет ұрпақ жаюына мүмкіндік берді, «Қазығұрт» пенделердің тілегін жаратушыға жеткізіп, қабыл ететін орын,

«Қазығұрт» пенделік күнәлары мен кінәлары бар адамдардың жаратушы алладан кешірім сұрап, кешірім алатын орны (Адам ата мен Хауа ана таңба белгісінің арасынан өткенде кейбір жандардың өте алмай қалуының себебімен байланыстырылуы). Мұны басқа биік таулардың емес, «топан су» қаптағанда Нұх пайғамбар кемесінің осы тауға тірелуін жаратушының қалауы.

– «Қазығұрт» ортаңғы әлемдегі адам, жай адам емес Қазығұрт батыр, әулие немесе Қазы Қорқыт, сол тау етегін мекендеген этнос атауы.

– «Ырғыз» да дүниенің үш деңгейіне де ортақ: өзен/су — екі дүниені, тірілер мен өлілер арасын жалғастырушы (нәресте өмірге келгенде қырық қасық суға шомылдырылуы, адам о дүниеге аттанарда сүйекті жууы).

– «Ырғыз» — құдық, шұңқыр, демек, жерасты әлемі.

– «Ырғыз» — ерке қыз/батыл қыз, яғни ортаңғы әлем, тірілер әлемі.

– «Ырғыз» — екі жынысты тіршілік иесі (гермафродит), аспан әлемі, құдайлар әлемі.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тарапынан қаржыландырылатын «ЖТН АР 09259776 Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті» жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке / Г.В. Колшанский. — М.: Наука, 1999. — 102 с.
- 2 Кубрякова Е.С. О когнитивной лингвистике и семантика термина «когнитивный» / Е.С. Кубрякова // Вестн. ВГУ. Лингвистика и межкультурная коммуникация. — 2001. — № 1. — С. 4–10.
- 3 Звегинцев В.А. Очерки по общему языкознанию / В.А. Звегинцев. — М.: Либроком, 2009. — 327 с.
- 4 Робустова В.В. В когнитивной ономастике / В.В. Робустова // Вестн. Моск. ун-та. Сер.19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. — 2014. — № 1. — С. 41–48.
- 5 Щербак А.С. Ономастический концепт как единица знания / А.С. Щербак // Когнитивные исследования языка. — Вып. IV. Концептуализация мира в языке: коллектив. моногр. / гл. ред. Е.С. Кубрякова; отв. ред. Н.Н. Болдырев. — М.; Тамбов, 2009. — С. 152, 153.
- 6 Тасполатов Б.Т. Қазығұрт өңірі топонимиясының этнолингвистикалық сипаты: фил. ғыл. канд. ... дис. автореф.: 10.02.02 — Қазақ тілі / Б.Т. Тасполатов. — Алматы, 2010.
- 7 Пак С.М. Ономастикон как объект филологического исследования (на материале американского дискурса XIX–XX вв.): дис. ... д-ра филол. наук. 10.02.04 — «Германские языки» / С.М. Пак. — М., 2005. — 366 с.
- 8 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил. ғыл. д-ры ... дисс. 10.02.02 — Қазақ тілі / Н.Уәли. — Алматы, 2007. — 328 б.
- 9 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы / С. Қондыбай. — Алматы: Дайк-Пресс, 2004. — 4-кітап. — 502 бет.
- 10 Никонов В.А. Краткий топонимический словарь / В.А. Никонов. — М.: Мысль, 1966. — 509 с.
- 11 Словарь топонимов Башкирской АССР / сост.: А.А. Камалов, Р.З. Шакуров, З.Г. Ураксин, М.Ф. Хисматов. — Уфа: Башкир. кн. изд-во, 1980. — 200 с.
- 12 Коков Дж.Н. Балкарский топонимический словарь/ Дж.Н. Коков, С.О. Шахмурзаев. — Нальчик: Эльбрус, 1970. — 170 с.
- 13 Әбдірахманов А.А. Топонимика және этимология / А.А. Әбдірахманов. — Алматы: Ғылым, 1975. — 207 б.
- 14 Нұрмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты — тарихтың хаты / Ә. Нұрмағамбетұлы. — Алматы: Балауса, 1984. — 64 б.
- 15 Хабичев М.А. К гидрономике Карачая и Балкарии / М.А. Хабичев. — Нальчик: Эльбрус, 1982. — 134 с.
- 16 Башкирия в русской литературе: [В 6-и т.]. — Т.1 / сост. М.Г. Рахимкулов и др. — Уфа: Башкир. кн. изд-во, 1989. — 512 с.
- 17 Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI–XIV вв. / Э.Н. Наджип. — М.: Наука, 1989. — 283 с.
- 18 Нұржекеев Б. Өзендер өрнектеген өлке / Б. Нұржекеев. — Алматы: Жалын, 1987. — 228 б.

К.К. Садирова, Р.Б. Жазыкова

Когнитивная модель ономастических имен

Ономастические имена являются одним из показателей восприятия мира, они маркируют картину мира в языке. Эта деятельность ономастических названий отмечается в исследованиях отечественных

и зарубежных ученых в области когнитивной лингвистики. В сущности каждого ономастического имени сохранены знания, дающие сведения из истории, мировоззрения, социокультурной жизни народа. Но ключ к открытию знания он раскрывает в преемственности с другими текстами, относящимися к тому же ономастическому названию. Основная цель научной работы — определение когнитивной модели топонима Казыгурт и гидронима Иргиз. В соответствии с этой целью в статье проанализировано, что познавательный процесс языка определяется работой человеческого мозга и когнитивными структурами в сознании человека, связано ли онтологическое свойство языка с организацией восприятия мира человеком. Ономастические имена, в том числе топоним Казыгурт и гидроним Иргиз также считаются показателем восприятия такого мира, определяющим значение или социокультурное знание под названиями и определяющим когнитивную модель. Авторы использовали методы языкового и когнитивного анализа для выполнения своих научных исследований. В результате исследования были выявлены следующие когнитивные модели, относящиеся к топониму Казыгурт и гидрониму Иргиз: 1) топоним Казыгурт: «Казыгурт — корабль пророка Ноя»; «Казыгурт — потоп»; «корабль пророка Ноя — Шопан ата/ Камбар ата/ Ойсылкара»; «Казыгурт — Коркыт ата»; «Казыгурт — Адам/ Ева»; «Казыгурт — Айбарша»; 2) гидроним Иргиз: «Иргиз — река с сильным течением/ колодец/ яма/ древняя река/ старинная река»; «Иргиз — существо обоего пола (гермафродит)»; «Иргиз — балованная женщина/ смелая девушка». Научная ценность статьи заключается в том, что определение когнитивных моделей в отношении топонима Казыгурт и гидронима Иргиз связано с правильным восприятием и пониманием их имплицитных значений, тем самым давая научные выводы относительно мировоззрения казахского народа, практическая ценность определяется пригодностью использования в подобных научных исследованиях модели языкового и когнитивного анализа этих названий.

Ключевые слова: ономастический дискурс, топоним, языковой код, когнитивный код, мифоним, языковое сознание, лингвокультурное содержание, когнитивная основа.

K.K. Sadirova, R.B. Zhazykova

Cognitive model of onomastic names

Onomastic names are one of the indicators of perception of the world, they mark the picture of the world in the language. This activity of onomastic names is noted in the research of domestic and foreign scientists in the field of cognitive linguistics. In the essence of each onomastic name, knowledge is preserved that gives information from the history, worldview, and socio-cultural life of the people. But he reveals the key to the discovery of knowledge in continuity with other texts relating to the same onomastic name. The main purpose of the scientific work is to determine the cognitive model of the toponym Kazygurt and the hydronym Irgiz. In accordance with this goal, the article analyzes that the cognitive process of language is determined by the work of the human brain and cognitive structures in human consciousness, whether the ontological property of language is related to the organization of human perception of the world. Onomastic names, including the toponym Kazygurt and the hydronym Irgiz, are also considered an indicator of the perception of such a world, determining the meaning or socio-cultural knowledge under the names and determining the cognitive model. The authors use the methods of linguistic and cognitive analysis to carry out their scientific research. As a result of the study, the following cognitive models related to the toponym Kazygurt and the hydronym Irgiz were identified: 1) toponym Kazygurt: “Kazygurt — the ship of the prophet Noah”, “Kazygurt — the flood”, “the ship of the prophet Noah — Shopan ata / Kambur ata / Oysylkara”, “Kazygurt — Korkyt ata”, “Kazygurt — Adam / Eve”, “Kazygurt — Aybarsha” 2) hydronym Irgiz: “Irgiz — a river with a strong current / water well / pit / ancient river / old river”, “Irgiz is a being of both sexes (hermaphrodite)”, “Irgiz is a pampered woman / brave girl”. The scientific value of the article lies in the fact that the definition of cognitive models in relation to the toponym Kazygurt and the hydronym Irgiz is associated with the correct perception and understanding of their implicit meanings, thereby giving scientific conclusions about the worldview of the Kazakh people, the practical value is determined by the suitability of using models of linguistic and cognitive analysis of these names in such scientific research.

Keywords: onomastic discourse, toponym, language code, cognitive code, mythonym, linguistic consciousness, linguistic and cultural content, cognitive basis.

References

- 1 Kolshanskii, G.V. (1999). *Obektivnaia kartina mira v poznanii i yazyke [An objective picture of the world in cognition and language]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Kubryakova, E.S. (2001). O kognitivnoi lingvistike i semantika termina «kognitivnyi» [About cognitive linguistics and the semantics of the term “cognitive”]. *Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya Lingvistika i mezhkulturaia kommunikatsiia — Bulletin of the Voronezh State University. Linguistics and intercultural communication*, 1, 4–10 [in Russian].

- 3 Zvegintsev, V.A. (2009). *Ocherki po obschemu yazykoznaniiu [Essays on general linguistics]*. Moscow: Librokom [in Russian].
- 4 Robustova, V.V. (2014). V kognitivnoi onomastike [In cognitive onomastics]. *Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 19. Lignvistika i mezhkulturnaia komunikatsiia — Bulletin of the Moscow University. Series 19. Linguistics and intercultural communication*, 1, 41–48 [in Russian].
- 5 Shcherbak, A.S. (2009). Onomasticheski kontsept kak edinita znaniia [Onomastic concept as a unit of knowledge]. *Kognitivnye issledovaniia yazyka. Vypusk IV. Kontseptualizatsiia mira v yazyke: kollektivnaia monografiia — Cognitive language studies. Issue IV. Conceptualization of the world in language: collective monograph*. E.S. Kubryakov & N.N. Boldyrev (Eds.). Moscow; Tambov, 152, 153 [in Russian].
- 6 Taspolatov, B.T. (2010). Qazygurt oniri toponimiasynyn etnolingvistikalıq sıpaty [Ethnolinguistic character of the toponymy of Kazygurt region]. *Extended abstract of Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Pak, S.M. (2005). Onomastikon kak obekt filologicheskogo issledovaniia (na materiale amerikanskogo diskursa XIX–XX vv.) [Onomasticon as an object of philological research (based on the material of the American discourse of the XIX–XX centuries.)]. *Doctor's thesis*. Moscow [in Russian].
- 8 Uali, N. (2007). Qazaq soz madenietinin teoriialyq negizderi [Theoretical foundations of Kazakh speech culture]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 9 Kondybai, S. (2004). *Argyqazaq mifologiiasy [Distant Kazakh mythology]*. Vol. 4. Almaty: Daik-Press [in Kazakh].
- 10 Nikonov, V.A. (1966). *Kratkii toponimicheskii slovar [A short toponymic dictionary]*. Moscow: Mysl [in Russian].
- 11 Kamalov, A.A., Shakurov, R.Z., Uraksin, Z.G., & Chismatov, M.F. (Eds.). (1980). *Slovar toponimov Bashkirskoi ASSR [Dictionary of toponyms of the Bashkir ASSR]*. Ufa: Bashkirskoe knizhnoe izdatelstvo [in Russian].
- 12 Kokov, J.N., & Shakhmurzaev, S.O. (1970). *Balkarskii toponimicheskii slovar [Balkar Toponymic Dictionary]*. Nalchik: Elbrus [in Russian].
- 13 Abdrakhmanov, A.A. (1975). *Toponimika zhane etimologii [Toponymy and etymology]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 14 Nurmagambetuly, A. (1984). *Zher-sudyn aty — tarikhtyn khaty [Name of land — letter of history]*. Almaty, Balausa [in Kazakh].
- 15 Khabichev, M.A. (1982). *K gidronomike Karachaia i Balkarii [To the hydronymics of Karachay and Balkaria]*. Nalchik: Elbrus [in Russian].
- 16 Rakhimkulov, M.G. & et al. (1989). *Bashkiriia v russkoi literature [Bashkiria in Russian literature]*. Ufa: Bashkirskoe knizhnoe izdatelstvo, 1 [in Russian].
- 17 Nadjip, E.N. (1989). *Issledovaniia po istorii tiurkskikh yazykov XI–XIV vv. [Researches on the history of the Turkic languages of the XI–XIV centuries]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 18 Nurzhekeev, B. (1987). *Ozender ornektegen olke [The land covered by rivers]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].